




*Білімдінің
сөзі - ем,
мейірімі
көп, өзі
кең!*

**МАҒЖАН
ЖҰМАБАЕВ**



Тақырыбы:

МАҒЖАН - СЫРШЫЛ, ЛИРИК , СУРЕТШІ, СӨЗ ҰСТАСЫ.

Проблемасы:

Қазақ әдебиетінде әлі де үстірт қарастырылған немесе толығымен зерттелмей, тарихи тұрғыдан шынайы өз бағасын ала алмаған мәселелер аз емес. Соның бірі – қазақ әдебиетінде түрлі талқыға түсіп, әдебиеттанушылардың әр түрлі пікірде қалыптасқан Мағжан сынды жарық жұлдызымыздың төл туындылығы болып табылады. Қазақ поэзиясының дүлдүлі, ұлт мақтанышы. “Өзі - от, өзі – жалын” болсада, ақынның поэзиясы нәзік, сыршыл лирикалық туындыға толы екенін бүгінгі жобамның проблемасы ретінде қарастырдым.

Проблеманы шешудің болжамы:

- 1.Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығымен толық танысу.
2. Өлеңдерінің мазмұны мен мағынасын талдау.
- 3.Ақынның поэзиясына тереңнен үңіліп, алыстан көз тастап, өлеңдері арқылы ақынның ішкі сырын ашу.

Мақсаты:

Мағжан Мұмабаев жүректің қобызын шерте білетін, оның жүрегінен жас пен қан аралас шыққан тәтті сөздер өзгенің жүрегіне тәтті у себетінін, не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазып, әр оқушының жүрегіне әсер ететінін дәлелдеу. :

Міндеттері:

- 1.М. Жұмабаевтың лирикалық өлеңдерін оқып, талдау;
2. Ақын поэзиясының ең қомақты жағы осы лирикасы екенін айтқан басқа ақындардың пікірін қарастыру;
3. Өлеңдерінің тәрбиелік мәнін және бүгінгі қоғаммен байланысын қарастыру;
4. Поэзияға деген сүйіспеншілікті тудыру;

Әдіс -тәсілдері: Талдау, жинақтау, салыстыру

Жоспар:

Кіріспе бөлім:

1. Мағжан - алдымен сыршыл ақын.

Негізгі бөлім:


1. Мағжан шынайы махаббатты сүйіспеншілікпен жырлаған.

2. Ақын мөлдір махаббатты пір тұтқан.

Қортынды бөлім:



Мағжан - лирик ақын, сыршыл ақын. Ақын поэзиясының ең қомақты жағы осы лирикасы. Өлеңдері жан тербетіп, адамды нәзік сұлу сезімдерге бөлейді. Оның поэзиясы - жан, жүрек поэзиясы. Ол оның бүкіл қан – тамырынан жаралған. Ақынның жырларынан бейжайлықты кездестірмейсің. Жілігі татымас жасық жолдарға ұшыратпайсың. Онда отты жүректің соғысы, ізгі де сұлу, елжіреген, еміренген жан үлпілі естіледі. Мағжанның бойындағы бүкіл қасиет - оның поэзиясында



Менің бүгінгі талдауға алған өлеңдерім.

“Сүйемін”

“Сағындым”

“Шолпы”

“Толқын”

“Мен жастарға
сенемін”

"Сүйемін" атты өлеңін ақын қартайған анасына, күнделікті тұрмыстың жетегінде жүрген қарапайым жарына деген сезімін суреттеуден бастайды. Өлеңде жүрекке жылы, көзге таныс сурет бар. Ана да, жар да әркімге қымбат екенін еске салып, Отанды сүю отбасынан басталатынын меңзегендей.

“Сағындым” – деген өлеңінде туған жерге, анаға деген махаббат тақырыбы айрықша жыр арқауы болған. Шынай да , мөлдір де, пәк махаббат өзек болған.

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
“Қарашығым, құлыным” - деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Осы екі өлеңінің әр сөзінен, әр шумағынан поэзиясының бүкіл бітімінен лирикалық кейіпкер ретінде ақынның тынысын, тіршілігін, анаға, жарына, туған жеріне деген жан жылуын, сағынышын, қайғы- зарын, жан арпалысын, егілген көз жасын, жақын жандарына деген сүйіспеншілікке толы жүрек соғысын мол сезінесің.

“Шолпы” – өлеңі арқылы өзінің сезім күйлерін ғашығына деген ыстықта, ынтазар көңілін келістіре өрнектеген. Қыз шолпысының сылдыры музыкалық әуендей естіледі. “Сылдыр, сылдыр сылдыр” сөздерін қайталау арқылы өлеңнің саздылығын үндеткен, эстетикалық қуатын күшейткен сұлу қызға іңкәрлік сезімін қалтқысыз бере білген. Бұған дәлел мына өлең жолдарынан көруге болады.

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді,
Сұлу қыз санадан солғыр.
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Жүректі тандырап құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!

Мағжан табиғаттың сұлулығына адам сұлулығын үйлестіре жырлаған, әрі оны шынайы суреттей білген. Ақын мөлдір махаббатты пір тұтқан. “Лаззат, рахат, бақыт - бәрі сенде” –деп кіршіксіз, таза махаббатты дәріптеген.

Табиғат лирикасы

Мағжан өлеңдерінде сүйген жарына, анасына деген сүйіспеншілікпен қатар табиғатқа деген сезімді анық жырлаған.

Ол табиғатқа тіл бітіре, адамша сөйлетеді. Ақынның айы адамша мұңаяды, “жол таба алмай... адасып қорыққан жандай” кейіпте суреттеледі.

Толқын -өлеңінде толқындар бір – бірімен сырласып, сырларын еппен ұрласып, толқынға толқын ерекелеген ғашықтар бейнесінде суреттеледі. Мағжан толқынға жан бітірген. Толқын жылан болып бүктетіледі, не балаша былдырлайды. Тағы бірде ғашық жардың қылығына көшеді. Жарын құшып өліп те кетеді. Өбеді, сүйеді. Толқын тұтастай керемет әсер етеді. Көз алдымызға үлкен айдын орнатады. Мың құбылған сезімге бөлейді.

Мағжан табиғатты сондай жақсы көреді. Табиғатты жазса айнымас анаға, нәресте балаға, сүйген жарға теңеп жазады.

Мағжан өлеңінің бүгінгі күн проблемасымен үндестігі

Толқынның қимылынан біріне-бірі жақындап келіп, сырласқан болып, бірінің сырын бірі ұрлап, бірін-бірі көре алмайтын адамдардың бейнесін көруге болады. Толқындар бірін-бірі қуалай алдап, еркелеп ойнап, жарыса жүгірген болып, абайсызда итеріп құлатып жібергеннен кейін өтірік жылап, көз жасын сүртіп, жағалауға шегініп, өзге толқындарға ілесіп, көрінбей кететін екі жүзді адам әрекетінің образын ойға салады. Жартасқа сүйеніп, көз жасын сүртіп, сылқ-сылқ күліп, бірінің ізін бірі аңдып жүретін адам тағдырымен астарлайды. Осылайша, бүгінгі өмірде өкіншке орай осындай адамдардың көбейіп кеткеніне жаның ауырады.

М. Жұмабаев туралы пікірлер

Мағжанның қай өлеңі болса да қазақ әдебиетінің тарихынан қалайда сыбағалы орын алуы талассыз ақиқат.

Ж. АЙМАУЫТОВ

Мұхтар Әуезов: «Мағжан – мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазды

ҚОРЫТЫНДЫ:

Мен өз жобамды Ж. Аймауытовтың ойымен қорытындылаймын. Ж. Жұмабаевтың табиғат, махаббат жайындағы өлеңдері жөнінде білгір де, терең талдаулар жасалған. “Кіршіксіз таза махаббат кім де болу керек? - деп жазады ол. – Баласын сүйген анада болу керек. Сүйген ғашық жанда болу керек. Жүректі елжіретіп, ертетін, өлгенді тірілпесе де, өткенді жандыратын өмірдің қызығы ләззаты осылар. Бұларсыз өмірдің мағынсы жоқ”

Мағжан поэзиясы - тұнық тазалығымен, өміршеңдігімен, асқақ арманмен, нәзіктігімен, сұлулығымен халқымыздың аса қымбат аса асыл мұрасы.